

2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы N 1138 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылғы 25 ақпан - 6 наурыз кезеңінде Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағы өткізілсін.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізудің іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Жергілікті атқарушы органдарға 2008 жылғы 1 шілде - 2009 жылғы 1 сәуір кезеңінде әкімшілік-аумақтық бірліктерді құру, тарату мен қайта құру және көшелерді қайта атау туралы ұсыныстарды енгізбеу ұсынылсын.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 28 қарашадағы
N 1138 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.12.23 N 1227, 2009.03.20 N 362, 2009.12.15 N 2132, 2010.05.25 № 464 Қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізудің іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
2007 жыл						
1.	Ұйымдастыру-әдіснамалық ережелерді, нұсқаулық материалдар мен құралдарды әзірлеу және бекіту	СА -нің бұйрығы	СА және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар	2007 жылғы желтоқсан	Талап етілмейді	
2.	2009 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын (бұдан әрі - халық санағы)	Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыстар, (Астана, Алматы	СА және жергілікті		Талап етілмейді	

	өткізуге жәрдемдесетін комиссияларды республикалық, облыстық деңгейде құру	қалалары) әкімдіктерінің қаулысы	атқарушы органдар	2007 жылғы желтоқсан		
2008 жыл						
3.	Халық санағын өткізудің күнтізбелік және ұйымдастыру жоспарларын әзірлеу және бекіту	СА -нің бұйрығы	СА	2008 жылғы желтоқсан	Талап етілмейді	
4.	Халық санағы деректерін өңдеуге арналған құралдарды, бағдарламалық өнімдерді әзірлеу, байқаудан өткізу	Бағдарламалық өнімдер	СА	2008 - 2010 жылдар	2008 - 7419,0	Республикалық бюджет
5.	Халықты санақпен қамтудың толықтығын және алынатын қорытындылардың сапасын қамтамасыз ететін мынадай іс-шараларды өткізу: әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесін және шекарасын нақтылау; көшелердің атауын, орамдарды, үйлерді және пәтерлерді нөмірлеуді реттеу; халықты тіркеудің дұрыстығына және есепке алудың толықтығына тексеру жүргізу; тіркеушілермен елді мекендердегі үйлердің тізімдерін жасау	СА-ға ақпарат	Әділетмині және жергілікті атқарушы органдар	2008 жылғы IV тоқсан	Талап етілмейді	
6.	Картографиялық материалдарды (қалалық және ауылдық елді мекендердің схемалық жоспарлары, әкімшілік аудандардың карталары) дайындау	Әкімшілік объектілерінің схемалық карталары	СА, ЖРА	2008 жылғы III тоқсан	2008 - 22680,0	Республикалық бюджет
7.	Санақ құжаттамасын дайындау, көбейту және тарату	Орындалған жұмыстардың актісі	СА	2008 - 2009 жылдар	2008 - 1144666,0	Республикалық бюджет
8.	Жабдықтарды, ұйымдастыру техникасын, бағдарламалық өнімдерді, автокөлік құралдарын және өзге де тауарларды сатып алу	Тауарларды қабылдау-беру актісі	СА	2008 жыл	2008 - 958379,0; 2009 - 513165,0	Республикалық бюджет
9.	Бұқаралық түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Орындалған жұмыстардың актісі	СА, МАМ және жергілікті атқарушы органдар	2008 - 2009 жылдар	2008 - 9387,0	Республикалық бюджет
10.	Санақ персоналын оқыту және үй-жайлармен қамтамасыз ету	СА -ға ақпарат	СА және жергілікті атқарушы органдар	2008 - 2011 жылдар	2008 - 53939,0; 2009 - 78345,0; 2010 - 1200,0; 2011 - 5300,0*	Республикалық бюджет
10-1.	Халықтың ұлттық санағын өткізу бағдарламасының шеңберінде өзге де қызметтер сатып алу	Қызметтер	СА	2008 жыл	2008 -236149,0; 2009 - 21930,0	Республикалық бюджет

2009 жыл						
11.	Халық санағын өткізу: есепшілердің барлық құрылыстар мен үй-жайларды алдын ала аралап шығуы; халыққа сауал жүргізу; халықты есепке алудың толықтығы мен дұрыстығын тексеру мақсатында есеп учаскесінің тұрғын үй-жайларын бақылау ретінде аралауды жүргізу	Деректер қоры	СА, ПМ және жергілікті атқарушы органдар	2009 жылғы I тоқсан	2008 - 201570,0; 2009 - 2492014,0	Республикалық бюджет
12.	Темір жол вокзалдарында, әуежайларда, сапаржайларда, өзен және теңіз вокзалдарында халық санағын өткізу	Деректер қоры	СА, ККМ және жергілікті атқарушы органдар	2009 жылғы ақпан - наурыз	Талап етілмейді	
13.	Әскери бөлімдер аумақтарында және жабық әкімшілік-аумақтық бірліктерде тұратын әскери қызметшілер мен азаматтық халыққа (әскери қызметшілердің отбасы мүшелерін қоса алғанда); бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқан және тергеу изоляторларында отырған адамдарға; қызметтік іссапарға немесе бір жыл және одан да көп мерзіммен қызметтік міндеттерін орындауға байланысты елден тыс жерлерде жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарына (олардың отбасы мүшелерін қоса алғанда); әлеуметтік бейімдеу немесе қамсыздандыру мекемелерінде тұратын және (немесе) орналасқан адамдарға санақ өткізу	Деректер қоры	СА, Қорғанысмині, ПМ, ТЖМ, ҚК (келісім бойынша), Әділетмині, СІМ, ДСМ, БҒМ және жергілікті атқарушы органдар	2009 жылғы ақпан - наурыз	Талап етілмейді	
2010 жыл						
14.	Деректер қорын өңдеу және халық санағының қорытындыларын алу	Статистикалық кестелер	СА	2009 - 2010 жылдар	2009 - 148029,0	Республикалық бюджет
15.	Халық санағының қорытындыларын жариялау	Статистикалық жинақтар	СА	2009 - 2011 жылдар	2009 - 3467,0; 2010 - 19845,0; 2011 - 28700,0*	Республикалық бюджет

Е с к е р т п е :

* 2009-2011 жылдарға арналған қаржыландыру көлемі тиісті жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі;

ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару

а г е н т т і г і ;

- МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
м и н и с т р л і г і ;
- ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация
м и н и с т р л і г і ;
- Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;
- ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;
- ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар
м и н и с т р л і г і ;
- ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік
к о м и т е т і ;
- Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі;
- СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
м и н и с т р л і г і ;
- ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
м и н и с т р л і г і ;
- БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі.